Бекітемін:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Меңгерушісі:

Баймолдина К.К ____________

Келісілді:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Әдіскері:

Конопьянова А.К ____________

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Мектепалды даярлық тобына арналған

ұйымдастырылған іс – әрекеттің циклограммасы

2024 – 2025 оқу жылына

Тәрбиеші: Сыдыкова Д.С

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

## <u>Қазан айы 2024 жыл 3 апта</u>

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 14.10.2024** | **Сейсенбі 15.10.2024** | **Сәрсенбі 16.10.2024** | **Бейсенбі 17.10.2024** | **Жұма 18.10.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, сүйікті ойыны туралы баланың жеке пікірін білу**(сөйлеуді дамыту).** Топта жаңа ойыншықтар жармеңкесі ашылғанын хабарлап бұрын көрмеген ойыншықтармен еркін ойнауына жағдай жасап көңіл күйін көтеру.<br>«Апта дәйексөздері»<br>Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.<br>Нұрсұлтан Назарбаев | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы | | | | |
| | Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ»<br><br>Ұлттық ойын «Бестемше» балалардың қалауы | «Күй күмбірі» - шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы | Дидактикалық ойын «Ұшақтар», «Ұқсайды-ұқсамайды»<br><br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. | Кітаптарды қарау, ертегі кейіпкерімін сюжетті ойын. «Қайдан келдің бауырсақ» ертегісінің ішіндегі кейіпкерге тоқталып, адамдар арасындағы қарым | Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>**Балармен жеке жұмыс.**<br><br>Қауіпсіздік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша ойнату. | эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. | Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары. | қатынасты әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | ережелерін еске түсіру. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Әр түрлі жұмсақ ойыншықтарды беру арқылы бір біріне жақсы сөздер айту. Жаңалықтарымен бөлісу. «шеберлер қалашығы» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру Мұғалімнің жоспары бойынша.**<br><br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>«Шебер, зергер дегеніміз кім?»<br>Мақсаты: сұрағына жауаптарын тыңдау. Өз ойларын еркін жеткізуін тәрбиелеу.<br>Міндеттері: Қоржынға салынған әртүрлі заттарды көрмей, сипап сезу | **Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша.**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Бауырсақ»<br>Мақсаты: Бауырсақ ертегісі арқылы балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын қалыптастыру<br>Міндеттері:таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау дағдыларын жетілдіру. | **Дене шынықтыру Мұғалімнің жоспары бойынша.**<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Үш дыбысты сөздері<br>Мақсаты: дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасау<br>Міндеттері: Адарына қойылған заттарды атау. Үш дыбысты сөздерді талдау. | **Музыка Мұғалімнің жоспары бойынша.**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Диқан деген кім?»<br>Мсақсаты: Диқан еңбегімен таныстыру.<br>Міндеттері:оның еңбегі қандай? Сипаттау және хабарлау әңгімелерін шығару, байланысқан бірізді сюжетті құрастыру. | **Дене шынықтыру Мұғалімнің жоспары бойынша.**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Шебер, зергер, диқан»<br>Мақсаты: Шебер, зергер, диқан туралы әңгімелеу<br>Міндеттері: барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқылы не екенін анықтату (сырға, сақина, білезік, моншақ, алқа т.с.с.) Қоржыннан шыққан заттардың ортақ атауын тапқызып әшекей заттарды кім жасайды, қалай жасайды түсіндіру. Балалардың өз ойын айта білуін қалыптастыру. Ертегі құрастыру. Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруды дамыту<br>**Математика негіздері**<br>7 саны.<br>Мақсаты: Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіруді<br>Міндеттері:<br>Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруды. қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің | **Сауат ашу негіздері**<br>Нан өнімдері.<br>Мақсаты: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>Міндеттері:<br>Нан өнімдерінің суреттеріне қарай оларды атау. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды.<br>Сызбаларды (штрихтарды), салуға үйрету.<br>Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру**<br>«Қазақ оюлары»<br>Мақсаты: оюлардың көптүрлілігі туралы | Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Қазақ тілі**<br>Азық-түлік<br>Мақсаты: жаңа сөздермен таныстыру. Оларды пайдалану дағдыларын жетілдіру.<br>Міндеттері:<br>Азық-түлік атауларын (бидай, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору,) сөздермен толықтыруды жетілдіру.<br>**Математика негіздері**<br>«Геометриялық фигуралар» | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау.<br>Мақсаты:<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Міндеттері:<br>Азық түлік өнімдерін атап, оларға дыбыстық талдау жасау.<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды.<br>Сызбаларды (штрихтарды), салуға үйрету.<br>Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Бидай» | теңеулерді қолдануға үйрету; таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау дағдыларын жетілдіру.<br>**Қазақ тілі**<br>«Шебер, зергер, дикан»<br>Мақсаты: олардың қызмет түрлерін рөлге салып ойнап көру.<br>Міндеттері:<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету (басы, ортасы, соңы).<br>**Математика негіздері**<br>«Оң сол»<br>Мақсаты: оң және сол түсініктерін бекіту.<br>Міндеттері:<br>Қозғалыс бағыттарын түсінуін жетілдіру: сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>«Бидай»<br>Мақсаты: бидай өсіру туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру.<br>Міндеттері:<br>Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу.<br>Бидайдың сабағын ұстап көру. Дәндерді жеп көру. Оны суға, топыраққа салып бақылау. | түсініктерін кеңейту.<br>Міндеттері: оюлардың ерекшеліктері мен оларға тән элементтерін қолдана отырып, құрастыра білу іскерліктерін дамыту. Ұжымда жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>Халықтық әшекей заттар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету. Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды ұсыну.<br>ұлттық әшекей бұйымдардан ұжымдық панно жасауға үйрету.<br>Құрастыру ойыншықтарымен ойын | Мақсаты:<br>Геометриялық фигураларды атау, ажырату.<br>Міндеттері: (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. | өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбегіне құрмет көрсету.<br>Міндеттері: бидайды қол диірменінен өткізіп ұн жасау.<br>Ұннан қамыр жасау.<br>Қамырдан домалақтар жасап, бауырсақ жасау. | дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Табиғи және қалдық материалдардан әшекей заттар жасау. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **(Танымдық, іс-әрекеті)**<br><br>«Қайдан келдің бауырсақ» ертегісін оқып беру. Қайталап айтуын ұсыну. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойын** «аюлар мен аралар»<br><br>Балалардың еркін әрекеті. | «Қызықты ойындар» балалар жақсы көретін ойындары туралы жай және күрделі сөйлемдерді қолдану арқылы әңгімелеу **(қарым қатынас іс әрекеті)** Қағазды түрлі бағытта бүктеу арқылы ұшақ жасау. Ұшақты ұшырып ойнау. **(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)** **Қимылды ойын** «тракторшылар»<br><br>Балалардың еркін әрекеті.<br><br>«Жас метеоролог» іс әрекеті. Метеоалаңдағы бақылаулар. **(Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет)** | Ұлттық ойын «Ханталапай», «Орамал тастамақ» және т.б ойындармен танысытыру **(Танымдық іс-әрекет )**<br><br>Балалардың қалауы бойынша ұлттық ойындар мен ойыншықтардың суретін салу, тұзды қамырдан мүсіндеу, түрлі түсті қағаздан қиып жапсыру **(Шығармашылық іс-әрекеті)** | Бақылау. Мақсаты: Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқау. Бидайды бақша ауласына арнайы дайындалған жерге сеуіп, бетін торпырақпен жауып қою. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>«Жас метеоролог» іс әрекеті. Метеоалаңдағы бақылаулар. **(Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет)**<br><br>**Қимылды ойын** «сақина жасыру» Балалардың бастамасымен еркін әрекеттер. | Балалардың бастамасымен еркін әрекеттер. Шебер, зергер, диқан рөлін сомдау. Өзара қарым қатынас орнату. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** «Бестемше»ойыны мен, пазылдарды құрауды ойнату **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Қимылды ойын** «асық ойыны» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Дауыстарын қайтала<br>Аң біткенмен алысқан<br>Ақырады арыстан:<br>А-а-а-а-а-а<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>Мә-ә-ә-ә-ә<br>Дөңгелетіп аузыңды,<br>Жіңішкертіп даусыңды,<br>Бұзаумын деп ойла да,<br>Дауысын оның қайтала:<br>Мө—ө-ө-ө | |  | | Ойын: *«Допты қуып жет»*<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты:<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.<br>Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын. | |
| **Балаларды үйге қайтару** | *«Өнегелі 15минут»*<br>Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу | *«Өнегелі 15минут»*<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | *«Өнегелі 15минут»*<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | *«Өнегелі 15минут»*<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | *«Өнегелі 15минут»*<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тексерген: Конопьянова А.К**